

*Тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі / Methods of teaching language and literature /
Методика преподавания языка и литературы*

ҒТАР 16.01.45

Ғылыми мақала

А.Ш. Смаилова¹, С.А. Рахымберлина², Б.О. Рахимбаева³

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті,

Қарағанды қ., Қазақстан

(E-mail: ¹sonti70@mail.ru, ²sagila_a@mail.ru, ³bagir2201@mail.ru)

Тіл үйренудегі ЖИ: артықшылықтары мен кемшіліктері

Аңдатпа. Ғылыми зерттеудің мақсаты – жасанды интеллекттің (ЖИ) тіл үйретудегі артықшылықтары мен мүмкін болатын кері әсерлерін кешенді талдау арқылы білім беру жүйесінде оның орны мен ықпалына баға беру. ЖИ-ді тіл оқыту контекстінде интеграциялаудың негізгі бағыттары: интерактивтік жаттығуларды құрастыру, сөйлесу дағдысын дамыту, автоматтандырылған түзету мен бағалау және оқыту нәтижелілігін арттыру. Идея – ЖИ құралдарын тиімді пайдалану арқылы жеке оқу траекторияларын қалыптастыру, оқу мотивациясын көтеру және тіл үйренудің қолжетімділігін арттыру.

Ғылыми және практикалық маңызы – зерттеу нәтижелері оқытушылар мен білім беру ұйымдарына ЖИ-дің сабақ үдерісіндегі қызметі мен шектеулері жөнінде нақты түсінік береді. Бұл әдістемелер қазақ тілін оқытуда қолдануға қолайлы, әрі инновациялық педагогикалық тәжірибені дамытуға ықпал етеді.

Зерттеу әдіснамасы – әдеби шолу, салыстырмалы талдау, практикалық кейс-зерттеу (Duolingo, ChatGPT, Qazaq AI, т.б.) және автордың сапалық қорытындысы. Әдістердің комбинациясы зерттеуге жүйелі құрылым мен сенімді нәтижелер алуға мүмкіндік берді.

Негізгі нәтижелер мен талдаулар: ЖИ тіл үйренудегі интерактивтілікті, уақыт үнемдеуді, жеке оқыту жолын, кері байланыс және объективті бағалауды қамтамасыз ететінін көрсетті. Алайда, адаммен тікелей қарым-қатынас тапшылығы, қате немесе жалған ақпарат таралу қаупі, шығармашылық пен сыни ойлаудың шектелуі сынды кемшіліктері анықталды.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, нейрожелі, QazGPT, генерациялау, платформа, лингвистикалық модель

DOI: <https://doi.org/10.71078/aytybp84>

Түсті: 9.08.2025; Мақұлданды: 29.09.2025; Онлайн қолжетімді: 3.10.2025.

Кіріспе

Жасанды интеллект адам мен машина арасындағы интерактивтілікті жақсартуға, автоматизациялауға және тиімділікті арттыруға мүмкіндік бере отырып, адамдық интеллектің кейбір аспектілерін модельдеу арқылы әртүрлі салаларда қолданылып жатыр. Бүгінгі күні жасанды интеллектімен байланысты жаңа технологияларды білім беру саласына интеграциялау – өзекті мәселе болып отыр, әрі оқытудың жаңа әдістері айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Білім беру әрдайым инновациялар үшін құнарлы орта болған, ал қазіргі уақытта жасанды интеллект (ЖИ) осы саладағы негізгі қозғаушы күшке айналды, ол тек оқу үдерісіне ғана емес, сонымен қатар білім беру жүйесіне де айтарлықтай әсер етіп, елеулі өзгерістер енгізіп жатыр. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) — тіл үйрену процесін жеңілдетіп, қолжетімді етіп жатқан маңызды құралдардың

бірі. Қазіргі кезде ЖОО-да жасанды интеллектіні оқу үдерісіне белсенді енгізуде. Сондықтан оқытушылар жасанды интеллектіні қолданудың барлық мүмкіндіктері мен туындайтын мәселелері туралы хабардар болуы тиіс. «Жасанды интеллект бойынша сабақ беретін мұғалімдердің көпшілігі академиялық оқу кезінде ресми білім алмаса, жасанды интеллект туралы қате түсініктерді тудыруы мүмкін және олардың сыныптағы тәжірибесіне және оқу бағдарламаларын әзірлеуге кедергі келтіруі мүмкін» (Yau, Chai, & Chiu, 2022). Кез келген тілді оқыту контекстінде жасанды интеллектіні интеграциялау оқытуды неғұрлым икемді, инклюзивті және қызықты етуге мүмкіндік беретін революциялық перспективаларды ашады (Luckin, Holmes, Griffiths, & Forcier, 2016).

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Жасанды интеллект (Artificial Intelligence, AI) — адам санасының кейбір қабілеттерін, яғни ойлау, үйрену, шешім қабылдау секілді әрекеттерін компьютерлік жүйелер арқылы жүзеге асыруды мақсат ететін ғылым мен технологияның бір тармағы. Бүгінгі таңда жасанды интеллект технологиялары білім беру жүйесіне қарқынды еніп, тіл үйрену процесінде ЖИ-дің қолданылуы кең таралып келеді. «Duolingo», «ChatGPT», «Google Translate», «Elsa Speak» сияқты платформалар тіл үйренушілерге жеке, бейімделген көмек көрсетеді. Дегенмен нейроже-лінің яғни жасанды зерденің қазақ тіліндегі мүмкіндігі ағылшын тіліндегідей деңгейге жете қойған жоқ. Десек те, отандық «Qazaq AI» платформасы ана тілімізге негізделген жасанды интеллектіні қолдану мен дамытуды қолға алған. Қазақ тіліне бейімделген жасанды интеллект технология-ларын енгізуші мамандардың бірі - Т. Бектұр: «Жасанды интеллект технологияларын қазақ тіліне интеграциялау тек технологиялық прогресті ғана білдірмейді, бұл, сонымен бірге, мәдениетті сақтау, дәстүрді жетілдіру мен қазіргі заман арасындағы көпір және жаһандық цифрлық экожүйедегі тіліміздің орнын бекіту. Бұл көш-тен біз қалмауымыз керек», деп өзінің құнды пікірімен бөліседі (Bektúr, 2023). Бұл дегеніміз - заманауи ұрпақ тәрбиелеу, қазақ тіліне тән зерттеулерді жетілдіру, жасанды интеллект саласындағы жаһандық білім базасын одан әрі байыту, қазақ тіліне бейімделген құралдар жиынтығын әзірлеу немесе ұсыну. Сонымен қатар «Qazaq AI» платформасы ChatGPT мүмкіндіктерін қазақ тілінде пай-далануға арналған «JASANDY» қосымшасын жасап шығарды. Сол арқылы ChatGPT-ді қазақша тегін қолдануға болады. Бұған қоса платформада «SozimAI» – мәтінді сөзге айналдыратын ЖИ дыбыс генераторы, «AdemiAI» – мәтінді суретке айналдыру ЖИ генераторы, «BalamAI» – балалардың білімі мен дамуына арналған ЖИ платформасы, «DamysAI» – техникалық даму платформасы, «KorkemAI» – мәтінді бейнеге айналдыру генераторы, «BilimAI» – білім мен ғылымға арналған ЖИ қызметі де бар.

Сонымен қатар Қазақстанның жасанды интеллект саласындағы жетістіктерінің бірі – «QazGPT» деп аталатын қазақ тілінде генеративті жасанды интеллект платформасы. Бұл жаңа платформа танымал «ChatGPT» моделімен бәсекелесе алатын деңгейде жасалған және оны қазақ тілін жетік меңгерген пайдаланушыларға арнайы бейімдеген. «QazGPT» платформасы қазақ тіліндегі мәтіндерді генерациялау, сұрақтарға жауап беру, күрделі сұхбаттар жүргізе алады және тілдік түсінікке негізделген түрлі тапсырмаларды орындауға арналған. «QazGPT» платформасы ұсынатын мүмкіндіктер тіл үйренушілерге жаңа технологиялар дәуірінде өзінің тілдік құзыретін жақсартуда таптырмас көмек деп айта аламыз.

Сондай-ақ Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық-ғылыми практикалық орталығы және Ақпараттық есептеуіш технологиялар зерттеу институтымен бірлесіп, «QazLLM» әзірлеумен айналысуда. Бұл лингвистикалық модельдің басқа жасанды интеллектіден ерекшелігі, қарапайым тілмен айт-қанда, қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін «чат джипитінінің» «миы». Мамандардың айтуынша, қазақша

нейрондарын қазақ тіліндегі видеотіл – фразеологизм, бейнелі қолданыс, мақал-мәтел, дәстүрлі ұғым-түсініктеріне, мәдениетіне, тіліне, діліне қатысты білім жүйесі түгел қамтылған этномаркерлі лексика құрайды екен. Ірі тілдік модель – LLM-нің қазақ тілін дамытудағы мүмкіндіктері туралы Т.Б. Рамазанов: «LLM қазақ тілінің мүмкіндіктерін арттыруға жағдай жасайды. Мұндай модельдер қазақ тіліндегі үлкен дерекқор негізінде оқытылып, мәтінді түсіну, талдау және генерациялау секілді көпқырлы міндеттерді орындай алады. Нәтижесінде, ақпараттарды қазақ тілінде жылдам өңдеу, көпшілікке қолжетімді ету және түрлі қызметтерде қолдану оңайлайды. LLM, алдымен, технология, бірақ сонымен қатар тілдің дамуына қызмет етудің тиімді тетігі. Қазақтілді орта үшін, әсіресе цифрлық кеңістікте, сөздік қорды байыту, тілді ғылыми және іскерлік жағынан дамытуға қолдау көрсету сияқты көп пайдасы бар. Сонымен қатар LLM тек мәтінді өңдеумен шектелмей, қазақтың ұлттық болмысын сақтауға да ықпал етеді. Мысалы, модель қазақ тілінің агглютинативті құрылымын меңгеріп, тұрақты тіркес пен мақал-мәтелді дұрыс талдап, аударып бере алады. Бұл ата-бабамыздан қалған мәдени-рухани мұраны жаңа технологиялық деңгейде дамытып, ұлт тілінің өміршеңдігі мен маңызын одан әрі арттыруға жол ашады» (Ramazanov, 2022).

Нәтижелер мен талқылау

Бүгінде білім беру саласында жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану әлемдік деңгейде үлкен қызығушылық тудырып отыр. Бұл технологиялардың ерекшелігі -жанды оқытушылардың қызметін модельдеу арқылы білім алушыларға жекелендірілген әрі интерактивті оқыту мүмкіндігін ұсынуында. Мұндай технологиялар әрбір білім алушының қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеруге мүмкіндік береді, сол арқылы оқыту процесінің тиімділігін арттырады.

ЖИ негізіндегі оқыту платформаларының негізгі функционалдық мүмкіндіктеріне мыналар жатады:

- дұрыс сөйлеуді түзету;
- жеке сөздерден сөйлем құрастыруға арналған жаттығулар;
- диалогтік сөйлесуді және басқа да практикалық тілдік жағдайларды меңгеру;
- тыңдау және ауызша сөйлеу дағдыларын бағалауға арналған автоматтандырылған тестілер жүргізу.

Бұл бағытта дыбыстауды талдау, сөйлеуді және бейнені тану, табиғи тілді түсіну, сондай-ақ адам мен машина арасындағы диалогтік өзара әрекеттесу сияқты заманауи технологиялар қолданылады. Нәтижесінде жасанды оқытушыны құру мүмкіндігі туындайды. Мұндай жүйе білім алушының сөйлеуін тыңдай алады, сөйлеу арқылы жауап береді, қателіктерді түзетеді, тіл үйренушінің құзыреттілік деңгейін бағалайды және олардың қажеттіліктеріне бейімделген оқыту әдістерін ұсына алады.

Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары білім алушыға бағытталып, жеке тұлғалық тәсілді қолдану арқылы тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, оқытушыға бағалау мен кері байланыс беру үдерістерін автоматтандыру арқылы жүктемесін азайтуға көмектеседі, сондай-ақ оқу орнының әкімшілігіне студенттердің үлгерімін бақылауға және оқу үдерісін ұйымдастыруды жақсартуға мүмкіндік береді (Baker & Smith, 2019).

А.А. Рольгайзердің пікірінше, қазіргі уақытта тілдерді үйренуде ең сұранысқа ие жасанды интеллект құралдарына дауыстық көмекшілер, чат-боттар, онлайн-аудармашылар, орфография, пунктуация, грамматика және мәтіннің стилистикасын тексеруге арналған қызметтер жатады (Rolgayzer, 2022). Айтылған құнды пікірлерді ескере отырып, жасанды интеллект технологияларының мүмкіндіктерін орынды пайдалану білім беру сапасын арттыруға, тілдік және коммуникативтік дағдыларды дамытуға, сондай-ақ әрбір білім алушының жеке оқу траекториясын тиімді қалыптастыруға болатынын тілге тиек етпекпіз. Біздің пікірімізше, чат-боттармен тілдесу тілдік кедергілерді жеңуде

пайдалы әрі студенттерді әртүрлі тақырыпта тілдік қарым-қатынасқа бағдарлайды.

Жасанды интеллекттіл үйренуді тиімді, қолжетімді, қызықты ете алады және оқытушы үшін ЖИ көмекші құрал ретінде көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Жасанды интеллект негізінде әзірленген заманауи тапсырмалар жоғары деңгейдегі интерактивтілікпен және адамға бағдарланған әдістемемен ерекшеленеді. Мұндай технологиялар әрбір білім алушының қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеруге мүмкіндік береді, сол арқылы оқыту процесінің тиімділігін арттырады. ЖИ белгілі бір тақырып бойынша презентация дайындау, өтілген материалды бекітуге арналған тиімді тапсырмалар ұсыну, әртүрлі тақырыптағы мәтіндерді тіл меңгеру деңгейіне бейімдеу, иллюстрациялық материал жасау, кез келген мәтінді дыбыстау, оқыту ойындарын құрастыру сияқты көптеген тапсырмаларды орындай алатын тамаша көмекші құрал.

Дегенмен әрбір жаңашылдықтың оң және теріс жақтары болатынын атап өту маңызды. Біздің де мақала жазудағы мақсатымыз - жасанды интеллектінің тіл үйренудегі нақты пайдасы мен зияның, артықшылықтары мен мүмкін болатын кері әсерлерін ажыратып қарастыру. Өйткені ЖИ-ді білім беру жүйесіне енгізудің артықшылықтары мен кемшіліктерін толық түсіну үшін барлық аспектілерді ескеру маңызды. Ол үшін, ең алдымен, жасанды интеллект пен табиғи интеллектің қолданысында балансты сақтау қажет деген пікірдеміз. ЖИ тілдерді оқытуда көптеген пайда әкеледі, ЖИ құралдарын тиімді пайдалану тіл үйрену процесін жеңілдеті алады, бірақ толыққанды тіл үйрену үшін дәстүрлі әдістермен үйлестірілуі тиіс. Сондықтан тіл үйренудегі ЖИ-дің пайдасы мен кері әсерін төмендегідей жіктеуге тырыстық.

1. Жасанды интеллектінің тіл үйренудегі артықшылықтары:

- Тілдік жаттығулар мен ресурстар - ЖИ тіл үйренушілер үшін интерактивті жаттығулар, ойындар және тесттер әзірлеуге мүмкіндік береді, яғни виртуалды оқытушылар мен мобильді қосымшалар арқылы қазақ тілінің грамматикасы мен сөздік қорын меңгеруге көмектеседі. ЖИ-powered қосымшалар (мысалы, Duolingo, Babbel) тілдік жадыны дамыту және грамматикалық ережелерді үйрету үшін интерактивті жаттығулар ұсынады.

- Уақытты үнемдеу - көлемі ауқымды ақпараттарды қазақ тілінде ЖИ технологияларын пайдалана отырып дайындағанда уақытты үнемдеуге болады. Бұл студенттерге күрделі ұғымдармен жұмыс істеу кезінде өздерін сенімді сезінуге көмектеседі, себебі ЖИ тапсырмалар, жобалар және басқа жұмыстар үшін қажетті ақпаратты жылдам ұсынады. Мысалы, студентке көлемді бірнеше мәтіннің қысқаша мазмұнын бір бетке жинақтауы керек болса, жасанды интеллектің көмегімен ол бұл мақалалардың мәнін тез түсініп, ақпаратты бірнеше минут ішінде реттей алады.

- Жеке оқыту траекториясын жасау - ЖИ жүйелері әрбір тіл үйренушінің тіл білу деңгейіне, оқу жылдамдығына және стильдеріне бейімделе отырып, дербес оқу траекториясын құрады. Мысалы, «Duolingo» платформасы жаттығуларды студенттің қатесі мен жетістігіне қарай автоматты түрде жеңілдетіп немесе қиындатып береді. Бұл білім алушылардың мотивациясын арттырады және тиімділікті жоғарылатады.

- 24/7 интерактивті тәжірибе - ChatGPT сияқты тілдік модельдер арқылы тіл үйренушілер кез келген уақытта, шектеусіз диалог жүргізе алады. Бұл, әсіресе, сөйлеу машығын дамытуда тілдік дағдыны дамытудың өте тиімді жолы.

- Жылдам түзету және кері байланыс - ЖИ бірден грамматикалық, лексикалық және фонетикалық қателерді анықтап, тіл үйренушіге түзету нұсқаларын ұсынып, сөйлеу дыбыстарын нақты талдап, дұрыс айту тәсілдерін көрсетеді. Мысалы, қазақ тілінде дұрыс сөйлем құрастыра білмейтін студент, барлық ойларын, пікірлерін ретсіз жазып қояды. ЖИ технологиясы оның қателерін белгілеп көрсетіп, қай жерде қате жібергенін анықтауға көмектеседі.

- Интерактивті оқытуды дамыту - ЖИ қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын жақсартқысы

келетін студенттер үшін үлкен мүмкіндік ұсынады. ЖИ технологиялары адамның сұрақтарына бірнеше секунд ішінде жауап беріп, пайдалы диалог жүргізуге мүмкіндік береді. Мысалы, студент өзінің сөйлеу және айтылым дағдыларына сенімсіз болса, ЖИ арқылы жаттығып, кеңестер ала алады.

- Қолжетімділік - Жасанды интеллект тіл үйренуді анағұрлым қолжетімді әрі ыңғайлы етеді. ЖИ негізіндегі заманауи қосымшаларды мобильді құрылғылар арқылы кез келген уақытта, кез келген жерде пайдалануға болады, әсіресе, үнемі жолда жүретін немесе бос уақыты шектеулі адамдар үшін өте тиімді. Бұл ресурстардың көпшілігі онлайн режимде және тегін қолжетімді.

- Объективті кері байланыс ұсыну - ЖИ арқылы студенттер әділ бағалау алады. Жасанды интеллект берілген критерийлер мен рубрикаларға сүйене отырып, нәтижелерді дереу көрсетеді. Бұл студенттерге өздерінің күшті және әлсіз тұстарын көруге, әрі оларды дамытуға мүмкіндік береді.

- Ойын арқылы оқыту (gamification) - ЖИ элементтері тіл үйренуді қызықты ету үшін ойын форматында сабақтар құра алады, бұл мотивацияны арттырады. Жаңа сөздерді үйрену үшін ЖИ оқуды қызықты ету үшін әртүрлі ойындар ұсына алады. Дегенмен, ойын түріндегі оқыту әрдайым материалды терең түсінуді қамтамасыз етпейді, сондықтан оқытушылар студенттерге кері байланыс беруді және бағыттап отыруды жалғастыруы тиіс. ЖИ негізіндегі платформаларда геймификация студенттерді белсенді қатысуға, жаңа білім алуға және дағдыларын жетілдіруге ынталандырады.

- Көптілділік - ЖИ көп тілде жұмыс істей отырып, қазақ тілін үйретуді басқа тілдермен интеграциялауға мүмкіндік береді, бұл тіл үйренушілердің әлемдегі әртүрлі мәдениеттермен байланысын нығайтады.

Сонымен ЖИ технологияларының бұл артықшылықтары студенттердің тілдік қабілеттерін, сөздік қорын, өнімді дағдыларын және грамматиканы меңгеруді жақсарту мүмкіндіктерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ жоғарыда айтылған жасанды интеллектінің шексіз мүмкіндіктерін мойындай отырып, оның білім беру үдерісіндегі кемшіліктерін де атап көрсетуді жөн көрдік.

2. Жасанды интеллектінің тіл үйренудегі кемшіліктері:

- Адаммен тікелей қарым-қатынастапшылығы - ЖИ платформаларында тіл үйренуші шынайы коммуникативтік жағдаяттарға түсе алмайды. Бұл тіл үйренушінің тілдік интуициясын және бейресми тілдік нормаларды үйренуін тежейді. Жанды диалогпен салыстырғанда ЖИ-мен сөйлесу бірқалыпты, «жасанды» болуы мүмкін. Адамдық контактінің жетіспеуі студенттердің әлеуметтік дамуында теріс әсер етуі ықтимал.

- Сенімді ақпаратты ажырата алмау - ЖИ-дің генеративті моделдері (мысалы, ChatGPT) кейде жалған немесе қате ақпарат ұсынуы мүмкін. Егер білім алушы оның шын-өтірігін ажырата алмаса, бұл білімде жаңсақтыққа әкеледі.

- Шектен тыс тәуелділік - ЖИ-ге жиі жүгіну оқушыларды өздігінен ойлануға, ізденуге, қате жіберіп, одан үйренуге үйретпейді. Бұл креативтілік пен сыни ойлауды тежеуі мүмкін.

- Мәдени және тілдік контекстің толық қамтылмауы - ЖИ мәдени ерекшеліктерді немесе тілдік астарлы мағыналарды әрдайым дұрыс түсіндіре бермейді. Нәтижесінде тіл үйренуші шынайы тілдік ортада қиналуы мүмкін.

- Тілді жансыздандыру - ЖИ құралдарын тіл үйрену процесінде тым көп пайдаланудың салдарынан тіл үйренушілер тек механикалық түрде жаттап алуға және тілді тереңінен түсінуге емес, тек бетпе-бет үйренумен ғана шектелуі мүмкін.

- Техникалық ақаулар - ЖИ-дің әлеуеті мен мүмкіндіктерінің шектеулері бар. Техникалық ақаулар мен алгоритмдердің қатесі тіл үйренушілерге дұрыс ақпарат бермей, оларды тіл үйрену барысында шатастыруы мүмкін.

- Студенттердің жалқаулығын арттырады - ЖИ-ді үнемі пайдалану жалқаулыққа

және тапсырмаларды орындауға деген жауапкершіліктің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Осының салдарынан адамдар қиын тапсырмаларға тап болғанда тез шаршайды. Білім алушылар тапсырмаларды орындау үшін ЖИ-ге сенетіні сондай, оқудың, ізденудің орнына ЖИ-ден алынған жауаптарды қайта өңдемей және бейімдемей жай ғана көшіре салады.

- Шығармашылықты азайтады - студенттер жауаптарды генерациялау үшін жасанды интеллектіге сеніп, стандарттан тыс ойлауға ұмтылмауы мүмкін, әсіресе қазақ тілінде жазба жұмыстарын, ұзақ эссе, шығарма жазғанда студенттердің шығармашылық, логикалық және этикалық қабілеттерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

- Сенімділік төмендейді – білім алушылар көмек алу үшін ЖИ технологияларына сеніп, өз қабілеттеріне деген сенімін жоғалтуы мүмкін. Студенттер ЖИ-ге тым тәуелді болып кетуі мүмкін. ЖИ-ге шешім қабылдауды тапсыру әдетке айналса зиянды болады. Сонымен қатар сөз таңдау мен айтылымда қателік жасаудан қорқып, білім деңгейі төмендейді.

- Эмоцияларды елемейді - ЖИ жанды оқытушылардың орнын баса алмайды. ЖИ технологияларында эмоция жоқ және студенттерге білімнің құндылығын түсіну, өзін-өзі тәртіпке келтіру, жауапкершілік және қазақ тілін күнделікті өмірде ұқыпты қолдану сияқты эмоционалды дағдыларды дамыту мүмкін емес. Олар студенттерге оқу қиындықтарын жеңу үшін қажет эмоционалды қолдауды ұсына алмайды.

- Табиғи дамуды тежейді - ЖИ студенттің шынайы оқу жетістіктерін бағалай алмайды. Студенттер тапсырмаларды жеке дамуы үшін емес, тек талаптарды орындау немесе оқытушыға ұнау үшін орындайды. ЖИ студенттің шынайы оқып жатқанын немесе жай ғана сұрақтарға жауап беріп отырғанын бақылай алмайды. Жанды оқытушы студенттің мінез-құлқын бақылап, тілді үйренуде білім деңгейінің төмендемеуінің алдын алады.

- Жоғары шығын - технологияның дамуы барысында көптеген заманауи гаджеттер мен бағдарламалық қосымшаларға интернет қажет. ЖИ интернетсіз студенттерді қазақ тіліне үйрете алмайды. Бұл технологиялардың кейбірі тегін нұсқада шектеулі функцияларға ие, ал барлық мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін ақылы тіркелім қажет, бұл қымбатқа түседі және студенттер қосымша функцияларға қол жеткізе алмайды.

- Әлеуметтік дағдыларға қауіп төндіреді - Студенттер басқалармен қарым-қатынас дағдыларын дамытпай қалуы мүмкін, себебі бұл рөлді ЖИ орындайды. Бірыңғай ЖИ чат-боттарымен тілдік қатынасқа дағдыланған студент жанды оқытушымен тиімді байланыс орнатуды үйренбеуі мүмкін. Сонымен қатар студенттер нақты мұғалімдерден кеңес сұрауды доғарып, тек ЖИ-ге сенуі мүмкін. Бұл сондай-ақ әлеуметтік жағдайларға сәйкес келетін ым-ишараларды, дене тілін және қозғалыстарды түсіндіру мен жеткізу дағдыларының дамуына кедергі келтіреді.

Жоғарыда аталған кемшіліктерге қарамастан, жасанды интеллект қазақ тілін үйренудің әртүрлі аспектілерін, әсіресе, төрт негізгі дағдыны (тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым) жетілдіруге көмектеседі. Тіл үйренуде ЖИ-ді қолдану мен адам арасындағы қарым-қатынастың тепе-теңдігін сақтау маңызды.

Қорытынды

Сонымен ЖИ-ді қолданумен байланысты туындаған мәселелердің қатарына білім алушылардың жұмыс қабілеттілігінің, когнитивтік және шығармашылық мүмкіндіктерінің төмендеуі, технологияларға шамадан тыс тәуелділік, оқытушымен тікелей жанды қарым-қатынас пен қолдаудың азаюы жатады. Бұл қолдау мен қарым-қатынас студенттерге өте қажет. Шынында да, ЖИ үй тапсырмаларын орындайды, мәтіндерді аударады, эссе жазады, сұрақтарға жауап береді, ал бұл өз кезегінде білім алушылардың қабілеттерінің, дағдыларының және білімдерінің әлсіреуіне әкелуі мүмкін. Осы тұрғыда тиімді педагогиканы қамтамасыз ету үшін жанды оқытушының

рөлі өте маңызды. Оқытушы студенттерді ЖИ-ді саналы түрде қолдануға үйретуі керек.

Қорытындылай келе, қазақ тілін оқытуда жасанды интеллект құралдарын қолдану заманауи білім берудің тиімділігін арттырады. Мұндай технологиялар оқыту процесін жекелеңдіруге, тілдік машықтарды тереңдетуге және білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. ЖИ негізіндегі оқыту әдістері оқытушы мен студенттердің оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтереді. Мұғалімдер ЖИ құралдарын тиімді пайдалану арқылы тіл үйренушілерді қызықтыруға, тілдік машықтарды практикалық қолдануға және өз бетінше оқу дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасайды. Болашақта жасанды интеллект қазақ тілін оқытуда қолдану аясын кеңейту арқылы интербелсенді, креативті және тиімді оқу әдістері қалыптасады деп күтіледі. Осыған байланысты мұғалімдер ЖИ-дің соңғы жетістіктерін сабаққа интеграциялауды үйреніп, жаңа технологияларды оқыту үдерісіне белсенді енгізуі тиіс. Мұндай интеграция оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Жасанды интеллект арқылы оқу процесін икемді және қолжетімді ету – заманауи білім берудің ажырамас бөлігіне айналады.

Жасанды интеллект тіл үйренуді жеделдетіп, тиімді етуге зор мүмкіндік береді. Оның бейімделгіштігі, жылдам кері байланысы және интерактивтілігі – тіл үйрену процесін жаңаша сапаға көтереді. Дегенмен бұл технология толықтай оқытушыны немесе жанды қарым-қатынасты алмастыра алмайды. ЖИ құралдарын тиімді әрі саналы қолдану арқылы ғана сапалы нәтиже алуға болады. Адам тек ЖИ-мен сөйлесе бастаса, адамзаттың әлеуметтік-эмоциялық қарым-қатынасында жаңа мәселелер туындауы ықтимал. Алайда ұлттық тіл мен мәдениетті сақтай отырып, ЖИ мүмкіндіктерін дұрыс қолдану арқылы коммуникацияны байытып, сапасын арттыруға болады. Ал жасанды интеллект – адам ақыл-ойының жемісі екенін естен шығармауымыз керек.

Әдебиеттер тізімі

Бектұр, Т. (2023, шілде 27). «Qazaq AI» платформасы. *Egemen Qazaqstan*. <https://egemen.kz/article/352819-qazaq-ai-platformasy>

Рамазанов, Т.Б. (2022, тамыз 8). Жасанды интеллект – адам ақыл-ойының жемісі. *Ана тілі*. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/64005>

Рольгайзер, А.А. (2022). Перспективы использования искусственного интеллекта в практике преподавания иностранного языка. В *Актуальные вопросы лингводидактики и методики преподавания иностранных языков: Сб. науч. ст. по материалам XXXII Междунар. науч.-практ. конф.* (с. 243–248). Чебоксары, Изд-во Чуваш. гос. пед. ун-та.

Baker, T., & Smith, L. (2019). *Educ-AI-tion rebooted? Exploring the future of artificial intelligence in schools and colleges* (p. 56). Nesta.

King Woon Yau, C.S., Chai, & Thomas, K.F. Chiu. (2022). A phenomenographic approach on teacher conceptions teaching Artificial Intelligence (AI) in K-12. *Education and Information Technologies*. <https://doi.org/10.1007/s10639-022-11161-x>

Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L.B. (2016). *Intelligence unleashed: An argument for AI in education* (p. 60). Pearson.

References

Yau, K.W., Chai, C.S., & Chiu, K.F.T. (2022). A phenomenographic approach on teacher conceptions teaching artificial intelligence (AI) in K-12. *Education and Information Technologies*. <https://doi.org/10.1007/s10639-022-11161-x>

Luckin, R., Holmes, W., Griffiths, M., & Forcier, L.B. (2016). *Intelligence unleashed: An*

argument for AI in education. Pearson.

Bektúr, T. (2023). Qazaq AI platformasy [Qazaq AI platform]. *Egemen Qazaqstan*. <https://egemen.kz/article/352819-qazaq-ai-platformasy>

Ramazanov, T. B. (2022). Zhasandy intellekt – adam aqyl-oynyn zhemi [Artificial intelligence – a product of human intellect]. *Ana tili*. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/64005>

Baker, T., & Smith, L. (2019). *Educ-AI-tion rebooted? Exploring the future of artificial intelligence in schools and colleges*. Nesta.

Rolgayzer, A. A. (2022). Prospects for the use of artificial intelligence in the practice of teaching a foreign language. In *Topical issues of linguodidactics and methods of teaching foreign languages: Proceedings of the XXXII International Scientific and Practical Conference* (pp. 243–248). Cheboksary, Chuvash State Pedagogical University.

A.Sh. Smailova, S.A. Rakhymberlina, B.O. Rakhimbaeva
E.A. Buketov Karaganda Research University, Karaganda, Kazakhstan
(E-mail: ¹sonti70@mail.ru, ²sagila_a@mail.ru, ³bagir2201@mail.ru)

AI in Language Learning: Advantages and Disadvantages

Abstract. The purpose of the research is to assess its place and influence in the education system by comprehensively analyzing the advantages and possible negative consequences of artificial intelligence (AI) in language teaching. The main areas of AI integration in the context of language learning are: designing interactive exercises, developing conversational skills, automated correction and evaluation, and improving learning outcomes. The idea is to create individual learning trajectories, increase learning motivation, and increase the accessibility of language learning through the effective use of AI tools.

Scientific and practical significance – the research results provide teachers and educational organizations with a clear understanding of the activities and limitations of AI in the classroom. These techniques are suitable for use in teaching the Kazakh language and contribute to the development of innovative pedagogical experience.

The research methodology includes a literature review, comparative analysis, practical case study (Duolingo, ChatGPT, Qazaq AI, etc.) and a qualitative conclusion by the author. The combination of methods allowed the study to obtain a systematic structure and reliable results.

The key results and analysis showed that AI provides interactivity in language learning, time savings, an individual approach to learning, feedback and an objective assessment. However, disadvantages such as a lack of direct relationships with a person, the risk of spreading erroneous or misinformation, and limited creativity and critical thinking have been identified.

Keywords: artificial intelligence, neural network, QazGPT, generation, platform, linguistic model.

А.Ш. Смаилова, С.А. Рахымберлина, Б.О. Рахимбаева
Карагандинский исследовательский университет имени Е.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан
(E-mail: ¹sonti70@mail.ru, ²sagila_a@mail.ru, ³bagir2201@mail.ru)

ИИ в изучении языка: преимущества и недостатки

Аннотация. Цель научного исследования - оценить его место и влияние в системе образования путем комплексного анализа преимуществ и возможных негативных последствий искусственного интеллекта (ИИ) в обучении языку.

Основными направлениями интеграции ИИ в контексте языкового обучения являются: конструирование интерактивных упражнений, развитие разговорных навыков, автоматизированная коррекция и оценка и повышение результативности обучения. Идея состоит в том, чтобы сформировать индивидуальные траектории обучения, повысить учебную мотивацию и повысить доступность изучения языка за счет эффективного использования инструментов ИИ.

Научное и практическое значение – результаты исследований дают преподавателям и организациям образования четкое представление о деятельности и ограничениях ИИ в процессе занятий. Эти методики подходят для использования в обучении казахскому языку и способствуют развитию инновационного педагогического опыта.

Методология исследования - обзор литературы, сравнительный анализ, практическое тематическое исследование (Duolingo, ChatGPT, Qazaq AI и др.) и качественное заключение автора. Комбинация методов позволила исследованию получить систематическую структуру и надежные результаты.

Ключевые результаты и анализ показали, что ИИ обеспечивает интерактивность в изучении языка, экономию времени, индивидуальный подход к обучению, обратную связь и объективную оценку. Однако выявлены такие недостатки, как дефицит прямых отношений с человеком, риск распространения ошибочной или дезинформации, ограничение творчества и критического мышления.

Ключевые слова: искусственный интеллект, нейросеть, QazGPT, генерация, платформа, лингвистическая модель.

Авторлар туралы мәлімет:

Смаилова Анар Шабазовна – педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2040-4048>

Рахымберлина Сағила Абдигалиевна – қауымдастырылған профессор, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6186-4521>

Рахимбаева Бағира Оспановна – география ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы. ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-1723-0214>

Information about author:

Anar Shabazovna Smailova – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2040-4048>

Sagila Abdigaliyeva Rakhymberlina – Associate Professor, E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Republic of Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6186-4521>

Bagira Ospanovna Rakhimbaeva – Master of Geographical Sciences, Senior Lecturer, E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, 100026, Republic of Kazakhstan. ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-1723-0214>

Сведения об авторе:

Смаилова Анар Шабазовна – магистр педагогических наук, старший преподаватель, Карагандинский исследовательский университет имени Е.А. Букетова, г. Караганда,

Республика Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2040-4048>

Рахымберлина Сағила Абдигалиевна – доцент, Карагандинский исследовательский университет имени Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6186-4521>

Рахимбаева Бағира Оспановна – магистр географических наук, старший преподаватель, Карагандинский исследовательский университет имени Е.А. Букетова, г. Караганда, Республика Казахстан. ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-1723-0214>